



2015 БҮКІЛӘЛЕМДІК ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ КОДЕКСІ БОЙЫНША СПОРТШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН АНЫҚТАМАЛЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ



**WORLD
ANTI-DOPING
AGENCY**
play true



R A D O C A

Regional
Anti-Doping
Organization
of
Central
Asia



МАЗМҰНЫ

1 БӨЛІМ ПАЙДАЛЫ АҚПАРАТ	4
2 БӨЛІМ КОДЕКС	4
3 БӨЛІМ КОДЕКСТИҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ	6
4 БӨЛІМ РӨЛІ МЕН МІНДЕТТЕРІ	6
5 БӨЛІМ ДОПИНГ ДЕГЕН НЕ	7
6 БӨЛІМ ТҮЙЫМ САЛЫНҒАН ТІЗІМ	13
7 БӨЛІМ ТЕРАПИЯЛЫҚ ҚОЛДАNUҒА БЕРІЛГЕН РҮҚСАТ	15
8 БӨЛІМ СЫНАМАНЫ ТЕСТИЛЕУ, ЖИНАУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ	16
9 БӨЛІМ ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ ЕРЕЖЕЛЕРДІ БҰЗУ САЛДАРЫ	19
10 БӨЛІМ ӨТКЕНГЕ ҚАЙТА ОРАЛУ	23
1 ҚОСЫМША ДОПИНГ-БАҚЫЛАУ ПРОЦЕДУРАСЫ	25
2 ҚОСЫМША В СЫНАМАСЫ ТАЛДАУЫНЫҢ ПРОЦЕДУРАСЫ	30

Бүкіләлемдік допингке қарсы кодексінің мақсаты адал спортшылардың құқықтарын қорғау болып табылады

1. БӨЛІМ ➤ ПАЙДАЛЫ АҚПАРАТ

Бүкіләлемдік допингке қарсы Кодексі Сіздің спортшы ретінде колдануынызға тиіс ережелерді белгілейді.

Анықтамалық нұсқаулықтың мақсаты: Сізге осы ережелерді түсінуге көмектесу.

Осы құжат тек нұсқаулық қана. Ол Кодекстің терминологиясын аудыстырмайды.

Атап кеткен жөн: Кодекс терминологиясы түпкі дерек болып табылады. Сонымен осы нұсқаулық тек қана Кодексті түсіну үшін ұсынылады және ешуақытта міндетті занды құжат ретінде қарастырылмайды.

Кодекстің бастапқы бірнеше беттерінде «спорт рухының» құндылығы туралы айтылады. Дәл осы рух кез келген допинге қарсы бағдарламаны іске асystруға күш береді. Яғни допингті болдырмау.

Өзге сөзben айтсақ, тыым салынған субстанцияларды немесе әдістерді қасақана немесе әдейі ойластырусыз колдануды немесе допингке қарсы ережелердің кез келген бұзуын болдырмау.

2. БӨЛІМ ➤ КОДЕКС

Бүкіләлемдік Допингке қарсы Кодексі деген не?

Кодекс допингке қарсы жүйенің негізі болып табылады. Кодексті Олимпиада қозғалысы, сондай-ақ күллі әлем бойынша түрлі спорттық үйымдар әрі ұлттық допингке қарсы үйымдар қабылдады. Спорт саласында допингке қарсы күрес туралы ЮНЕСКО-ның Халықаралық Конвенциясы арқылы 170 астам мемлекет үкіметі Кодексті мойындады.

Кодекс 2004 жылдың шілдесінде алғаш рет күшіне енді. Кодекске енгізілген өзгертулермен бірінші редакция 2009 жылдың 1 қаңтарында күшіне енді. Екінші редакция 2015 жылдың 1 қаңтарында күшіне енді. Кодекстің толық мәтінімен Бұкіләлемдік Допингке қарсы агенттіктің сайтынан танысуға болады.

Кодексті қолдау мақсатында БДҚА түрлі техникалық және процесуралық әдістер үшін «Халықаралық стандарттарды», соның ішінде Тыйым салынған Субстанциялар мен Әдістер Тізімін, Тестілеу және Зерттеу Стандарттарын, Терапиялық Қолдану бойынша Стандарттарды, Зертханалар үшін Стандарттарды және Жеке Өмірді Қорғау және Жеке мәліметтер жөніндегі Стандартты әзірледі.

Осы нұсқамадағы «Баптарға» сілтемелер, ең алдымен, Кодекстегі баптарға сілтейді; «Халықаралық стандарттар» сияқты басқа құжаттарға сілтемелер жеке аталатын болады.



3. БӨЛІМ ➤ КОДЕКСТІ ҚОЛДАНУ

Кодекс кімдерге қатысты қолданылады?

1. Егер де Сіз ұлттық немесе халықаралық деңгейдегі спортшы болсаңыз, Кодекс Сізге қатысты қолданылады.

«Халықаралық деңгейдегі» спортшыларды Халықаралық Федерация анықтайды. «Ұлттық деңгейдегі» спортшыларды Ұлттық Допингке қарсы Ұйым анықтайды.

2. Егер Сіз жергілікті деңгейдегі жарыстарға қатыссаңыз және «ұлттық деңгейдегі» спортшиға жатпасаңыз, әрбір Ұлттық допингке қарсы ұйым Кодекстің Сізге қолданылуын, қолданылған жағдайда қалай қолданылатын өздігінен шешетін болады. Егер Сіз осындай деңгейде катысатын болсаңыз, Ұлттық допингке қарсы ұйым Сізді тестілейді, нәтижесінде, егер Сіздің сынамаңыз оң нәтижелі болса немесе допинг-бақылау процесіне араласу жағдайы орын алса, Кодекс талаптарына сәйкес, Сізге қатысты санкциялар қолданылуы тиіс.

3. Егер Сіз жарыстарға қатыспай, бірақ сауықтыру және фитнес шараларға қатысатын болсаңыз, Ұлттық допингке қарсы ұйым өз қалауды бойынша Сізге Кодекс қандай тәсілмен қолданатынын шешеді.

4. БӨЛІМ ➤ РӨЛДЕРІ МЕН МІНДЕТТЕРИ

Спортшының да, Сіздің де белгілі бір рөлдеріңіз бен міндеттеріңіз бар:

- Сіз барлық «қолданылатын допингке қарсы принциптер мен ережелерді» білуге және сактауға міндеттісіз.
- Сіз «ішке қабылдайтын» азық-түліктер үшін, яғни ішіп-жегеніңіз, ағзаңызға қабылдаған барлық заттар үшін жауап бересіз. Негізгі ереже мынадай: егер бір нәрсе Сіздің ағзаңызда анықталса, оған Сіз жауаптысыз. Заң тілімен айтқанда, оны «қатал жауапкершілік» деп атайды.
- Сіз сынама алу үшін қолжетімді болуыңыз керек.
- Сіз тыйым салынған субстанциялар мен тәсілдерді Сізге бермеу туралы медициналық персоналға хабарлайсыз. Сіз өзіңіз қолданытын кез келген медициналық емнің Кодексті бұзбайтынына көз жеткізу үшін жауаптысыз.
- Сіз допингке қарсы ережелердің бұзылуын тергейтін допингке қарсы ұйымдармен өзара байланыс жасауға тиіссіз.
- Нақтырақ ақпарат алу үшін 21.2 бапты қараңыз.

Жаттықтыруышылар, менеджерлер, агенттер және спортшының басқа персонал спортышылар үшін үлгі. Оларда белгілі бір құқыктар мен міндеттерге ие, олардың ішінде:

- Θздеріне немесе өздері дайындығына қатысатын спортышыларға қатысты қолданылатын, допингке қарсы принциптер мен ережелерді білуге және сақтауға міндетті.
- Олар спортышыларды тестілеу бағдарламасымен жұмыс жасаулары тиіс.
- Таза спорт пәлсапасын үгіттеу мақсатында спортышыларға өз ықпалын қолданулатын тиіс.
- Допингке қарсы ережелердің бұзылуын тергейтін допингке қарсы ұйымдармен өзара байланыс жасайды.
- Олар дәлелді себепсіз тыйым салынған субстанциялар мен әдістерді қолданбауы және иеленбеуі тиіс.
- Нактырақ ақпарат алу үшін 21.2 бапты қараныз.

5. БӨЛІМ ➤ ДОПИНГ ДЕГЕН НЕ?

Сіздің спорты шетінде не нәрсе допингке қарсы ережелердің бұзылуы болып табыланын білу керектіңіз Кодексте көрсетілген.

Осындай бұзуышылық тек оң нәтижелі сынамағана емес.

Осындай бұзуышылық, Кодексте «Сараптаманың жағымсыз нәтижесі» деп аталатын, оң нәтижелі сынамағана емес.

Мысалы, допингке қарсы ережелердің бұзу болып тыйым салынған субстанция немесе тыйым салынған әдісті қолдану табылады.

Сонымен қатар допингке қарсы ережелердің бұзудың басқа тәсілдері бар. Кодексте олар келесідей берілген:

- Допинг-бақылаудың кез келген кезеңінде фальсификация жасау немесе фальсификация талпынысы. Мысалы, допинг-бақылау процедурасына қаса-қана араласу, потенциалды куәгерді қоркыту немесе бөтен заттарды қосу арқылы сынаманы ауыстыру. 2.5 бапты қараңыз.
- Тыйым салынған субстанция немесе тыйым салынған әдісті иемдену. Досына немесе туысына беру мақсатында тыйым салынған субстанцияны сатып алуға немесе өзімен бірге алып жүргүре болмайды, медициналық себептермен белгілі бір шектеуіл жағдайларды қоспағанда, мысалы: диабетке шалдықкан балаға инсулинді сатып алу. 2.6 бапты қараңыз.

- Кез келген тыйым салынған субстанцияны немесе әдісті тарату немесе тарату әрекеті. 2.7 бапты қараңыз.
- Тыйым салынған субстанцияны немесе әдісті кез келген спортшыға тағайындау немесе тағайындау әрекеті. 2.8 бапты қараңыз.
- Ортақтасу. Бұл әрекет әрекеттің кең ауқымын қамтиды: көмек, марапаттау, жәрдемдесу, арандатушылық, қылмыстық келісім жасасу, жасыру немесе «қаса-қана ортақтасудың кез келген басқа түрі», соның ішінде допингке қарсы ережелерді бұзуды немесе «басқа тұлғаның» бұзу әрекетін қосқанда. 2.9 бапты қараңыз.
- Тыйым салынған өзараәрекеттесу. 2.10 бапты қараңыз.
- Мекен-жайы туралы ақпаратты ұсыну тәртібін бұзу. 2.4 бапты қараңыз.
- Сынаманы тапсыру процедурасынан жалтару, бас тарту немесе оған келмеу. 2.3 бапты қараңыз.

Сіз допингке қарсы ережелерді бұзу кез келген сенімді тәсілдермен дәлелденетінін білуіңіз тиіс. Соның ішінде зертханалық зерттеулер нәтижелері және «бейаналитикалық» дәлелдемелер деп аталатын басқа дәлелдемелер. Дәлелдемелерге «спортшының биологиялық паспорты» (спортшының биологиялық параметрлерін ұзақ уақыт бойы зерттеу), куәгерлердің мойындаулары, жауаптары және басқа құжаттамалық дәлелдемелер жатқызылуы мүмкін.



Допингке қарсы ережелерді бұзуда ниет маңызды ма?

Жоғарыда айтылғандай, Сіз өз ағзаңызыдағы барлық заттар үшін жауап бересіз. Тыйым салынған субстанцияны қолданғаны немесе оның болуы үшін допингке қарсы ережелердің бұзылуын аныктау үшін қаскөйлікті, кінәні, немқұрайлықты немесе саналы түрде қолдануды көрсету міндетті емес.

Сіздің айналанызда немесе оқу-жаттығу жиынында біреу Сізге субстанцияны берді; немесе тыйым салынған субстанция өнім этикаткасында көрсетілмеген; немесе тыйым салынған субстанция немесе әдіс Сіздің спорттық нәтижелерінізге әсер етпеді деген сылтаулар допингке қарсы ережелердің бұзылуын ақтамайды.

Егер Сіз тыйым салынған субстанцияны қолдансаңыз немесе оған әрекет етсөніз, бұл допингті қолдау болып есептеледі. Қолданудың немесе әрекет етудің «сәтті» немесе «сәтсіз» болуы маңызды емес. Ол бәрібір допинг болып саналады.

Нактырақ ақпарат алу үшін 2.1 және 2.2 балтарын қараңыз.

Азық-тұлғатың қосынша құрамы егер күмәніңізді тудырса, оны қолданбағаныңыз жөн.

Биологиялық белсенді қосыншаларды қолдану қауіпі

Көптеген елдерде биологиялық белсенді қосыншаларды реттеу дәрменсіз болып табылады. Диеталық өнімдер дүкендерінде немесе интернет арқылы сатылатын, құрамында тыйым салынған субстанциалары бар қосыншалардың этикеткаларда көрсетілмеуі жиі орын алғанын жағдай. Соңғы жылдары оң нәтижелі сынамалардың басым бөлігі дұрыс маркирленбеген немесе лас қосыншалармен түсіндірледі.

Мысалы, соңғы уақытта әртүрлі мемелкет споршыларының құрамында тыйым салынған стимулятор метилгексанамин (MHA) бар оң нәтижелі сынаманы тапсырған жағдайлары жиі орын алды, соның ішінде Олимпиадалық ойындарында да болды. Аталған стимулятор «диметилпентиламин» немесе DMAA деген атпен белгілі; сондай-ақ гераньнің тамыры немесе оның майы (тіпті герань майынан немесе өсімдікten жасалмаса да) деген атпен танымал. Осы атаулары этикеткада көрсетілуі немесе көрсетілмеуі де мүмкін. Алайда Тыйым Салынған Тізімге енгізілгенімен, “метилгексанамин” атаяу сирек көрсетіледі.

Сондай-ақ бұлшық ет салмағын арттыратын, қайта қалыпқа келуге көмектесетін, қуат беретін немесе салмақ түсіретін қосыншалармен абай болғаныңыз жөн. Дұрыс маркирленбеген қосыншаны қолдану нәтижесінде алынған оң нәтижелі сынама салдары үшін қатал жауап бересіз. Ең жақсы кеңес: қосынша құрамы егер күмәніңізді тудырса, оны қолданбағаныңыз жөн.

“Орналасқан жері туралы” ереже

Орналасқан жері туралы ақпаратты ұсыну талабының негізгі мақсаты жарыстан тыс тестілеуді өткізуді қамтамасыз ету болып табылады.

Тосын тестілеу өткізу допингке қарсы бағдарлама тиімділігінің негізі болып табылады.

Орналасқан жері туралы ақпаратты ұсыну допингке қарсы үйімға Сіздің орналасқан жерініңде анықтаң, тосын бақылау арқылы допингке ұсталған спортшылар санын әлдеқайда арттыруға мүмкіндік береді. Тосын тестілеу өткізу допингке қарсы бағдарлама тиімділігінің негізі болып табылады.

«Тестілеудің Тіркелетін Пулына» кіретін спортшылардың біразы ғана өздерінің орналасқан жерлері туралы нақты әрі актуалды ақпаратты ұсынуға міндетті.

Егер Сізге «Тестілеудің Тіркелетін Пулына» енгізілгендейдіңіз жайлы хабарланса, Сіз тоқсан сайын орналасқан жерінің жайлы ақпарат ұсынуыңыз керек. Ұсынылған ақпаратта жоспарланған әрекеттеріңіз бен тестілеуден өту үшін қол жетімді болуыныздың құнделікті уақыты көрсетілуі тиіс. Өз ақпаратынызды және тестілеу үшін қолжетімді уақыт мезгілін жаңартып отыру керек.

- Егер Сіз тоқсандық ақпаратты уақытылы ұсынбасаңыз, Сіз ақпаратты ұсынбағандығының деп есептеледі.
- Егер Сіз көрсеткен уақыт мезгілінде сол жерде болмасаңыз, Сіз тестті өткізіп алдыңыз.

Сіз тиісті Допингке қарсы Үйім алдында потенциалды ақпаратты ұсынбағанынызға немесе тестті өткізіп алғандығынызға қарсы шығып, себебін дәлелдей аласыз. Он екі ай арасында тестті үш рет өткізіп алсаңыз, немесе орналасқан жерінің туралы ақпаратты ұсынбасаңыз – егер де оның себебін дәлелдемесеңіз, онда бұл әрекеттеріңіз допингке қарсы ережелерді бұзғаныныз.

Егер Сіз спорттың топтық түрінде жарысқа түссеңіз және тестілеудің тіркелетін пулына енген болсаңыз, онда Сізге жеке спорт түрлеріне қатысатын спортшылар сияқты орналасқан жерінің туралы ақпаратты ұсыну керек.

Спорттың топтық немесе жеке түрінде жарыска түсетең спортшы орналасқан жері туралы ақпаратты тапсыруды жаттықтырушыға, менеджерге немесе басқа үшінші жаққа **сеніп тапсыра алады**; алайда, **ақыр аяғында, әрбір спортшы орналасқан жері туралы нақты әрі толық ақпаратты ұсынғаны үшін толық жауап береді**.

Сонымен қатар команданың орналасқан жері туралы ақпарат команда тартылған әрекет үшін допингке қарсы ұйымға ұсынылуы мүмкін. Тестілеудің және Тергеудің Халықаралық Стандарттарын караңыз, 4.8.2. бабы.

Допингке қарсы ұйымдар, тестілеудің тіркелген пулына қірмеген, белгілі бір спортшылардан орналасқан жерлері туралы кеңейтілмеген ақпаратты сұратуы мүмкін. Егер Сіз осындай спортшыларға жататын болсаңыз, онда орналасқан жері туралы ақпарат талаптарына сәйкес ақпаратты ұсынбау допингке қарсы ережелерді бұзушылық болып есептелмейді, алайда сіздің допингке қарсы ұйымыңыз белгілеген басқа салдарға әкелуі мүмкін.



«Тыйым салынған қарым-қатынас» деген не?

Спортшылардың дисквалификацияланған жаттықтырушылармен немесе спорттық нәтижелерді жетілдіретін препараттарды ұсынғаны үшін қылмыстық заннамаға сәйкес кінәлі деп танылған басқа жеке тұлғалармен қызметтік қарым-қатынасты әрі қарай жалғастырған жағдайлардың бүкіл жүртқа жария болғаны белгілі.

2015 жылдың басында күшіне енетін Кодекс жаңашылдығы «спортшы персоналынан осындай тұлғамен» қарым-қатынас орнату Сізге осы ынтымақтастық тыйым салынғандығы туралы арнайы хабарлама жасалған сәттен бастап допингке қарсы ережелерді бұзу болып табыладындығында жатыр.

ТОЛЫҒЫРАҚ:

Сіз допингке қарсы ережелерді бұзуга қатысты дисквалификацияланған немесе допингке қатысты қылмыстық іс бойынша немесе тәртіптік тергеу барысында кінәлі болып табылған жаттықтырушылармен, нұсқаушылармен, дәрігерлермен немесе спортшының басқа персоналымен жұмыс жасасамауызы керек.

Тыйым салынған қарым-қатынасқа жаттығулар, стратегия, техника, тамақтану немесе медицина бойынша кеңестер алу; терапия, ем немесе рецепттерді қабылдау; немесе спортшы персоналына агент немесе өкілі ретінде қызмет етуге рұқсат ету жатады. Тыйым салынған қарым-қатынасты компенсацияның қандай да бір түрі ретінде қарастырған міндетті емес.

Осы қағида кәсіби немесе спортқа байланысты қарым-қатынастарға жатпайтын жағдайларда қолданылмайды. Мысалы, ата-анасы мен баласы немесе ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынас.

Толық ақпарат алу үшін 2.10 бабын қараңыз.

6. БӨЛІМІ ➤ ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ТІЗІМ

Қандай субстанциялар мен әдістерге тыйым салынған?

БДҚҰ-ның тыйым салынған субстанциялар мен әдістердің тізімі бар. БДҚҰ кем дегенде жылyna бір рет мерзімді түрде Тыйым Салынған Тізімді жаңартып отырады. Әдетте, жаңартылған Тізім жыл сайын 1 қантардан бастап күшіне еніп, БДҚҰ сайтында бірнеше ай бұрын қол жетімді болады.

Сіз қандай субстанциялар мен әдістердің Тыйым Салынған Тізімге жататынын білуіңіз керек.

Тізімге субстанциялардың мынадай түрлері кіреді:

1. тұрақты тыйым салынған,
2. жарыс мезгілінде ғана тыйым салынған (спорттың әр түрінде жекелей анықталатын, бірақ, әдетте, жарыстарға 24 сағат бұрын).

Тұрақты тыйым салынған **субстанцияларға** жататындар (бірақ шектеусіз): гормондар, анаболиктер, ЭПО, бета-2 агонистері, жасырғыш агенттер мен диуретиктер.

Жарыс мезгілінде тыйым салынған **субстанцияларға** жататындар (бірақ шектеусіз): стимуляторлар, марихуана, есірткі и глюококортикоидтер.

Сонымен қатар кез келген уақытта қан құю немесе манипуляция, белгілі бір жағдайларда ішкі инъекциялар сияқты **әдістерге** тыйым салынады.

Тұрақты тыйым салынған субстанциялар мен жарыс мезгілінде ғана тыйым салынған субстанциялар арасында қандай айырмашылықтар?

Тұрақты тыйым салынған субстанциялар – бұл жыл бойы тыйым салынған субстанциялар, соның ішінде жаттығу және жарыс мезгілі де кіреді. Мысалы: жаттығу кезінде қолданылатын анаболистік стероидтар спорттық нәтижені жақсартуға ұзак уақыт ықпал етуі мүмкін, немесе допингті қолдану фактісін жасыру үшін қолданылатын жасырғыш агенттер.

Бұдан бөлек, тек жарыс мезгілінде тыйым салынған субстанцияларды жарыстан тыс мезгілде қолдану допингке қарсы ережелерді бұзу болып есептелмейді, егер де осы субстанцияның қалдықтары жарыстық тестілеуден өтү кезінде Сіздің ағзанызда сақталып қалған жағдайды

қоспағанда. Түсіндіре кетсек: көптеген субстанциялар Сіздің ағзанызыда ұзак уақыт бойы сақталуы мүмкін. Егер де Сіздің жарыстық допинг сынамаңызыда жарыстан тыс мезгілде қабылдаған (Сіз қабылдаған уақытта тыйым салынбаған) субстанция анықталатын болса, Сізге допингке қарсы ережелерді бұзу айыбы тағылады.

Тыйым салынған субстанция кәдімгі дәрі-дәрмектердің құрамында болуы мүмкін бе?

Мүмкін. Кез келген кәдімгі дәріде, соның ішінде ауруды басатын және тымау мен гриппке қарсы дәрілерде тыйым салынған субстанциялар болуы мүмкін.

Толық ақпарат алу үшін Сіздің Халықаралық Федерацияның немесе Ұлттық Допингке қарсы Үйимының ұсынатын басқа да ақпарат көзін караңыз.



7. БӨЛІМІ ➤ ТЕРАПИЯЛЫҚ ҚОЛДАNUҒА БЕРІЛГЕН РҮКСАТ

Допингке қарсы қүрестің басты ұстанымдарының бірі Сіздің денсаулығынызды сақтау болып табылады.

Денсаулығынызға байланысты себептермен Сізге тыйым салынған субстанцияны қабылдау немесе тыйым салынған әдісті қолдану қажет болып қалуы мүмкін. Оны Сіз Кодекске сәйкес іске асыра аласыз. Ең бастысы терапиялық қолдануға рұқсат алуының керек.

Осы рұқсатты алу үшін бірқатар талаптарды орындау керек: тыйым салынған субстанцияны (әдісті) қолдану Сіздің денсаулығынызға қажетті және жазылғаннан кейін спорттық нәтижені жетілдіруге ықпал етпеуі тиіс; тыйым салынған субстанцияны немесе әдісті қолданудан басқа емделудің амалы болмағанда.

Халықаралық және ұлттық деңгейдегі спортшылар маңызды нәрсені ескерулері керек: жедел жәрдем көрсету немесе төтенше жағдайларды қоспағанда, терапиялық қолдануға рұқсатты алу өтінішін өткен күнмен емес алдын ала беру керек. Терапиялық Қолдану бойынша Халықаралық Стандарттың 4.3 бабын қараныз.

Ұлттық деңгейдегі спортшыларға рұқсатты Ұлттық Допингке қарсы Ұйым береді. Халықаралық деңгейдегі спортшылар үшін Терапиялық Қолдануға сұратуларды Халықаралық Федерация қарастырады. Олимпиада ойындарының және басқа да ірі халықаралық жарыстардың ұйымдастыруышылары да жеке рұқсаттамаларды бере алады. 4.4 бапты қараныз.

Сізге өзініздің Халықаралық Федерацияныздан немесе Ұлттық Допингке қарсы Ұйымыныңдан жаңа өтінішті беру немесе бұрын берілген өтініштің қабылдану мерзімін анықтау керек. Ұлттық Допингке қарсы Ұйымының осы процесс барысында Сізге жәрдем көрсетуі тиіс.

Ұлттық деңгейде берілген рұқсат халықаралық деңгейде де мойындалады деп ешқашан да ойламаңыз. Егер қандай да бір шағын күмәнің болса, өз Халықаралық Федерациянызбен немесе Iрі спорт шаралары ұйымдастыруышыларымен хабарласыңыз.

Осы процеске түсініктеме беретін тарау Терапиялық Қолдану бойынша Халықаралық Стандарттың Қосымшасында берілген.

8. БӨЛІМ ➤ СЫНАМАНЫ ТЕСТІЛЕУ, ЖИНАУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ

Өкілденген допингті бақылау офицері Сізден сынаманы тапсыруды өтінгенде, Сіз осы әрекетті жасауға міндеттісіз.

Спортшыға қатысты юрисдикциясы бар әрбір допингке қарсы ұйым допингке қарсы құрес максатында спортшыдан зәр және/немесе қан сынамасын кез келген уақытта және осы сынамаларды талдау үшін қажетті кез келген жерде жинауға құқылы.

Юрисдикцияны кім иеленеді?

Допингке қарсы ұйымдар мынадай спортшылардың үстінен юрисдикцияға ие:

1. осы мемлекет азаматтары, резиденттері, лицензиялары бар немесе спорттық ұйымдарының мүшелері немесе
2. допингке қарсы ұйымның мемлекетінде орналасқан немесе
3. Халықаралық Федерация ережелерімен оларға кеңірек өкілеттілік қараптырылған жағдайда

Халықаралық Федерациялар өз ережелерінің ықпалына түсетін спортшыларға қатысты юрисдикцияға ие:

1. белгілі бір халықаралық оқиғаларға қатысатын спортшыларды қосқанда және
2. осы халықаралық федерацияның мүшесі болып табылатын немесе лицензиясын иеленген спортшылар (немесе оның тікелей немесе тікелей емес мүшелері).

Ірі спорт шараларының ұйымдаструшылары, әдетте, олардың спорттық шараларына қатысатын спортшылардың үстінен юрисдикцияға ие болады.

БДҚҰ тестілеуге бастамашылық жасамайды, алайда спортшыларды тестілеу юрисдикциясына ие. БДҚҰ тестілеуге бастамашылық жасағанда, БДҚҰ тестілеуді өткізу өкілеттілігін басқа допингке қарсы ұйымдарға береді.

Сынаманы тапсырудың белгіленген тәртібі бар. Осы процедура жайлы және осы процедура барысында құқықтарыңыз туралы толық білгініз келсе, 1 Қосымшаны қараңыз.

Спортының сынамасында тыйым салынған субстанцияны анықтауға байланысты бұзушылықты белгілеу мақсатында БДҚҰ аккредитациялаған немесе басқа тәсілмен мақұлдаған зертханалар ғана сынама талдауын жасай алады. В сынамасының талдауына қатысты және А сынамаңыздың жағымсыз нәтижесі келген жағдайда құқықтарының жайлы толық білгінде келсе 2 Қосымшаны қараңыз.

Сынамалар қаншалықты ұзақ сақталады?

Сынамалар 10 жыл арасында тоңазытылуы, сақталуы және қайта тексерілу мүмкін. Технологиялар жылдам дамиды. Бүгінде анықталуға келмейтін, бірқатар тыйым салынған субстанциялар мен әдістер келешекте анықталуы мүмкін. Сақталатын сынамалардың кейінгі уақытта зерттелу мүмкіндігі Сіз үшін немесе қандай да бір себептермен Сіз допингті қолдануды шешкен жағдайда тежеуші фактор болып табылады.

Сынамалар допингке қарсы мақсаттарда қолданбаған жағдайда, олар есімдері көрсетілмей, сапаны тексеру мақсатында қолданылады, жойылады немесе Сіздің допингті бақылау хаттамасында алдын ала жазбаша келісім берген жағдайда ғылыми зерттеулер үшін пайдаланытаталатын болады.

Спорттан кеткеннен кейін спортқа оралу

Егер де Сіз Халықаралық Федерацияның немесе Ұлттық Допингке қарсы Үйымның тестілеудің тіркелетін пулында бола отырып, спорттан кетуге шешім қабылдасаңыз, Сіз 6 ай бұрын жарыстарға қатысуға оралу ниетінің туралы жазбаша түрде хабарлауға міндеттісіз. Осы 6 ай арасында Сіз допингке қарсы ережелерді сақтап, жарыстарға қатысуға жіберілгенге дейін тестілеу үшін қол жетімді болуының керек.

Егер осы ережелерді орындау «айқын түрде қатал» болса, БДҚҰ ерекше жағдайды қарастыруы мүмкін. 5.7 бабын қараңыз.

ДҚӘБЖ деген не?

ДҚӘБЖ (Допингке қарсы Әкімшілік пән Басқару Жүйесі) деректер базасын басқарудың қауіпсіз онлайн жүйесі болып табылады. ДҚӘБЖ-да сынамалар анализі нәтижелерінің, терапиялық қолдануға берілген рұқсаттардың деректері және допингке қарсы ережелерді бұзу туралы ақпарат сақталады. ДҚӘБЖ тиісті үйымдар арасында ақпаратты алма-суды жеңілдетеді және тиімділікті, нәтижелілікті және айқындылықты қолдауға бағытталған.

Халықаралық Федерациялардың және Ұлттық Допингке қарсы Үйымдардың көпшілігі спортшының орналасқан жері, терапиялық қолдануы және тесттер нәтижелері туралы деректердің негізгі базасы ретінде қолданады. ДҚӘБЖ өмірінізді жеңілдету үшін жасалған.

Сіз ДҚӘБЖ-тегі өз ақпаратының қол жеткізе аласыз. Халықаралық Федерациялар және Ұлттық Допингке қарсы Үйымдар Сізге ДҚӘБЖ-те қол жетімділікті беруге жауапты. Допингке қарсы Үйимның санаулы ғана қызыметкерлері Сіздің деректерінізді көре алады. ДҚӘБЖ қолжетімділіктің көпсатылы жүйесі болып табылады, деректер базасының қауіпсіздігін және құпиялылығын қорғайды.



9. БӨЛІМ ➤ ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ ЕРЕЖЕЛЕРДІ БҰЗУ САЛДАРЫ

Допингке қарсы ережелерді бұзу салдарына нәтижелерді жою, санкцияларды салу, Сіздің бұзушылығыңызды міндettі жариялау, сондай-ақ қаржылық санкциялар жатқызылуы мүмкін.

НӘТИЖЕЛЕРДІ ЖОЮ

Спорттың жеке түрлерінде жарыстарға қатысты допингке қарсы ережелерді бұзу (мысалы, жеке матч немесе бәйге) осы жарыстардың нәтижелерін автоматтый түрде жоюға экеледі. 9 бапты қараңыз.

Жою дегеніміз не?

Ол дегеніміз нәтижелерді, медальдарды, үпайларды және қаржылық сыйларды жогалту. Осы окиға барысында басқа жарыстардағы Сіздің нәтижелеріңіз де – мысалы, Олимпиада ойындарында – жойылуы мүмкін. 10.1 бапты қараңыз.

Әдетте, нәтижелер өткен күнмен жойылады, егер «басқасын әділеттілік талап етпесе» - допингке қарсы ережелерді бұзған күннен бастап (мысалы, сынама алынған күннен) уақытша шеттетілу мезгілі басталғанға дейін немесе дисквалификациялау мерзімі басталғанға дейін. 10.8 бабын қараңыз.

ДИСКВАЛИФИКАЦИЯЛАУ

Дисквалификациялау Сіздің ешбір жарыстарға немесе Халықаралық Федерация мүшелері болып табылатын оның ұлттық федерациясының және клубтары мүшелерінің басқа да спорттық қызметтіне қатыса алмайтыныңызды білдіреді. Оған ез команда мен немесе клубпен бірге жаттығу немесе командаға және клубқа байланысты спорттық құралжабдықтарды колдану жатады. Сонымен қатар Сіз Кодекске қол қойған тараптың немесе оларға бағынышты ұйымдардың рұқсат өткен немесе ұйымдастырған жарыстарына (Халықаралық Олимпиада Комитеті, Халықаралық Паралимпиадалық Комитет, Ұлттық Олимпиадалық Комитет сияқты) қатыса алмайсыз.

Бұған коса, Сіз кәсіби лига немесе спорттық шаралардың халықаралық немесе ұлттық ұйымдастырушысы ұйымдастырған халықаралық немесе ұлттық жарыстарға немесе үкіметтік ұйым қаржыландыратын жоғары немесе ұлттық деңгейдегі спорттық шараларға қатыса алмайсыз. 10.12.1 бабын қараңыз.

Дисквалификациялау мерзімі қаншалықты ұзаққа созылады?

Бүкіләлем, өсіреле спортыштар арасында, қаса-қана әрекет еткен айлакерлер 4 жылдық мерзімге дисквалификациялануы тиіс деген консенсуске келді.

4 жылдық мерзім әрқашан бола ма?

Жоқ.

Допингке қарсы ережелерді бұзушылық дисквалификациялауға әкелуі мүмкін бе?

Иә, алайда спортшы кінәсінің немесе немкүрайлықтың болмауын дәлелдей алса.

Сонымен қатар бірқатар ерекше жағдайларда, ерекше субстанциаларға қатысты, егер де спортшы кінәсінің деңгейі темен болса ескерту жасалуы мүмкін. Ластанған азық-түлікке – әдетте биологиялық белсенді қосымшаларға қатысты, осындай өнімдерде этикеткада көрсетілмеген немесе интернетте табылуы мүмкін ақпаратта көрсетілмеген, субстанция болуы мүмкін себеппен осындай ұстаным қолданылуы мүмкін.

Дисквалификациялау мерзімі қандай факторларға тәуелді?

Бұзудың, қабылданатын тыйым салынған субстанцияның немесе әдістің түріне, спортшы тәртібіне және оның кінәсінің деңгейіне тәуелді.

ОСЫ ЕРЕЖЕЛЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ БІР-БІРІМЕН ҚАЛАЙ ҮЙЛЕСЕДІ?

Тыйым салынған субстанцияның болуымен немесе оны қолданумен байланысты бұзушылықтар үшін негізгі ережелер мынадай:
Егер Сіз алдамақ болсаңыз, субстанцияга қарай, дисквалификациялау мерзімі 4 жылдық құрайды.

Басқа жағдайда, ол 2 жыл – егер Сіз айтартылған кінәңіздің немесе немкүрайлықтың болмаганын дәлелдей алсаңыз, нәтижесінде дисквалификациялау мерзімі ең көбі бір жылға дейін төмендетілуі мүмкін (сөйтіп, дисквалификациялаудың ең төменгі мерзімі бір жылдық құрайды).

Егер бұзушылық ерекше субстанцияға немесе ластанған өнімге байланысты болса және Сіз айтарлықтай кінәңіздің болмагандығын дәлелдей алсаңыз дисквалификациялау 2 жылдан ескертуге дейін құбылуы мүмкін (кінәңіздің дейгейіне байланысты).

Допингке қарсы ережелердің басқа да бұзушылықтары үшін дисквалификациялауларға қатысты ақпаратты 10.3 бабынан қараңыз.

Карым-қатынас және «айтарлықтай жәрдемдесу»

Спортшылардың және, өз қателіктерін мойындаған және басқа допингке қарсы ережелерінің бұзылуына көз ашуды қалаған, тұлғалар арасындағы қарым-қатынас таза спорт үшін маңызды.

Бұл әрекет Кодексте ерекше жағдайға жатқызылады.

Егер спортшы допингке қарсы ұйымнан бұзушылық туралы хабарлама алғанға дейін бұзушылығын өз еркімен мойындаса, сонымен бірге оның мойындауы бұзушылықтың жалғыз ғана дәлелі болса, яғни ол өз еркімен кінәсін мойындаса, онда дисквалификациялау мерзімі қысқартылуы мүмкін (мерзімнің басқа жағдайларында қарастырылғаннан ең көбі жартылай ғана).

Егер спортшы допингке қарсы ұйымға, полицияға немесе құқыккорғау органдарына немесе кәсіби тәртіптік органға «айтарлықтай жәрдемдессе», нәтижесінде допингке қарсы ұйым басқа тұлғаның допингке қарсы ережелерді бұзылуына қатысты жаңа іс қозғаса (немесе осы істің маңыздылығын қарастырса), спортшының дисквалификациялау мерзімі айтарлықтай қысқартылуы мүмкін.

«Айтарлықтай жәрдемдесу» дегеніміз не? Бұл дегеніміз басқа тұлғаның, соның ішінде өзініздің допингке қарсы ережелерді бұзуы туралы бар білгенінізді жазбаша турде толық ашу болып табылады. Сонымен қатар билік өкілдерімен толық көлемде қарым-қатынас жасап, керек болғанда, тергеу кезінде куәлік ету. Толық ақпарат алу үшін 10.6.1 және 10.6.2 баптарын қараңыз.

ДИСКВАЛИФИКАЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСТЫ БІРҚАРАТ ӘРЕКЕТІНДЕ РЕТИЛІГІ

Егер Сізге допингке қарсы ережелерді бұзды деген айып тағылса, Сіз уақытша шеттептілесіз немесе өз еркімен уақытша шеттептілу шешімін қабылдауыңызға болады – яғни кінәңізді мойындаға, қарсы шығу құқыныңдан бас тартасыз.

Дисквалификациялау мерзімі:

- 1. уақытша шеттептілуді қабылдау күнінен немесе санкция салу күнінен немесе*

1. даулы жағдайларда отырыстарда шешімдер қабылданған күннен басталады.

Егер Сіз дисквалификация мерзімі өтсесеңіз, тиісті допингке қарсы оқыту бағдарламаларына қатыса аласыз.

Сонымен қатар дисквалификациялау мерзімінің қайсысы қысқа болғанына қарай:

1. дисквалификациялауыңдың соңғы 2 айы немесе
2. дисквалификациялаудың салынған мерзімінің соңғы ширегі, командамен бірге жеттыгүларға оралып немесе клуб гимаратын қолдана аласыз. 10.12.2 бабын қараңыз.

Ескерту: кейбір жағдайларда уақытша шеттептілу міндетті болып табылады, 7.9.1 бабын қараңыз.

ҚАРЖЫЛЫҚ САЛДАРЫ

Кодексте допингке қарсы ережелерді бұзғаны үшін айыппұл төлеу қарастырылмаған. Алайда, бұл жағдай допингке қарсы ұйымдарға олардың ережелеріне сәйкес айыппұлдарды белгілеуге кедергі жасамайды.

Қаржылық санкциялар дисквалификациялау мерзімін ешуақытта ауыстыра немесе төмендете алмайды.

Ауқатты спортшылар дисквалификациялауды өтеу мерзімін төлей алмайды.

Толығырақ ақпаратты 14.3.2 бабынан қараңыз.

КӨПШІЛІККЕ ЖАРИЯЛАУ МІНДЕТІ

Егер Сіздің допингке қарсы ережелерді бұзғаныңыз мойыдалса, осы факт көпшілікке жарияланады. Оның мақсаты допингті қабылдаудың тежеуіш факторын орнату.

Допингке қарсы Ұйым, кәмелетке толмаған спортшылардың қатысуымен болған жағдайды қоспағанда, спортшылардың есімдерін, бұзылған допингке қарсы ережелер түрлерін және салдарын допингке қарсы ережелерді бұзу фактісі соңғы орнатылған күннен бастап 20 күннен арасында кешіктірмей жариялауы тиіс.

Егер соңғы шешім бойынша допингке қарсы ережелердің бұзылмағандығы анықталса, онда спортшының келісімімен бұзушылық жариялануы мүмкін. 14.3.2 бабын қараңыз.

СПОРТТЫҢ КОМАНДАЛЫҚ ТҮРЛЕРІ

Егер Сіз спорттың командалық түрінде жарысқа қатысып, допингте ұсталсаныз, Сізге Кодекстің барлық қағидалары қолданылады. Бұған коса, Сіздің командаңызға да кесірі тиуі мүмкін. Командаңызға салынған санкцияны, команда қатысатын, спорт шара ұйымдастырушысы анықтайды. 11 бапты қараңыз.

ЕСКІРУ МЕРЗІМІ

Допингке қарсы ережелерді бұзуға байланысты кез келген процедуралар допингке қарсы ережелердің болжамды бұзылуы күнінен бастап он жыл арасында қайта қарастырылуы мүмкін.

ТЫҢДАУЛАР МЕН АПЕЛЛЯЦИЯЛАР

Барлық спортшылар әділ орган алдында әділетті тыңдаулардың өткізілуіне құқылды. Сонымен қатар олар өз істері бойынша тыңдаулардың уақытылы өтүіне құқылды.

Егер Сіздің ісіңіз халықаралық шараға қатысуға байланысты болса немесе Сіз халықаралық деңгейдегі спортшы болып табылсаныз, Сіз және басқа Допингке қарсы Ұйымдар қабылданған шешімге қатысты апелляцияны тек қана Спорттық Төрелік сотқа бере аласыз. Басқа жағдайларда шешімдер тәуелсіз және әділ ұлттық ұйымда қайта қарастырылуы мүмкін. 13 бапты қараңыз.

10. БӨЛІМ ➤ ӨТКЕНГЕ ҚАЙТА ОРАЛУ

2015 Кодекс Редакциясы жаңа өзгерістерді енгізеді.

Сонымен қатар Кодекс әлемдегі барлық спортшыларға жаңа мүмкіндік береді – спортшылардың басым көпшілігіне спорт тазалығы үшін – таза спортшыларды қолдау арқылы оларға тандау қалдырады.

Өз мемлекеттіңгізге немесе өз спорт түрінде қатысты қосымша ақпаратты алу үшін өз спорт федерациянызбен немесе ұлттық допингке қарсы ұйыммен хабарласыңыз.

БДҚҰ веб-сайтына кіріп, Оқу және Ақпараттық Бағдарламалар жайлы толық білінціз.

Қосымшалар

1 ҚОСЫМША ДОПИНГ-БАҚЫЛАУ ПРОЦЕДУРАСЫ

ДОПИНГ-БАҚЫЛАУ ПРОЦЕДУРАСЫНЫҢ 11 ҚАДАМЫ

Осы қосымша зәр сынамасын сұрыптау процедурасын баяндауға арналған.

Кәмелетке толмаған және мүмкіндігі шектеулі спортшылар үшін ерекше шамалы өзгерістер бар екендігіне назар салуынызды өтінеміз, олармен осы қосымшаның соңында таныса аласыз.

Толық ақпарат БДҚҰ, Ұлттық допингке қарсы ұйымның және халықаралық федерация сайтында қол жетімді.

Ең алдымен, атап кеткен жөн: сынаманың бүтіндігі басты мәселе болып табылады. Осы процедуралардан ауытқу тест нәтижесін жарамсыз деп табуға әкелуі міндетті емес, тек ол сынаманың бүтіндігіне байланысты болмаса.

1. СПОРТШЫЛАРДЫ СҰРЫПТАУ

Сіз допингтік бақылаудан өту үшін кез келген уақытта және кез келген жерде таңдаласыз.

2. ХАБАРЛАНДЫРУ

Допингтік бақылау инспекторы (бұдан әрі - ДБИ) немесе шаперон Сіздің допингтік бақылаудан өту үшін таңдалғандығынызды Сізге хабарлайды. ДБИ немесе шаперон Сіздің құқықтарыңыз бен міндеттеріңізді айтады. Сіз процедура кезінде өкіліңіздің қатысуына құқылсызыз.

Сізден өзіңіздің допингтік бақылау үшін таңдалғанынызды растайтын формаға қол қоюға сұрайды.

3. ДОПИНГ-БАҚЫЛАУ СТАНСАСЫНА КЕЛУ

Сіз допинг-бақылау пунктіне бұлжытпай келуіңіз керек.

ДБИ немесе шаперон баспасөз конференциясы немесе жаттығудың аяқталуы сияқты себептермен допинг бақылау пунктіне келуіңізді кейінге калдыруынызға рұқсат беруі мүмкін.

Алайда, допинг бақылаудан өтуіңіздің керектілігі жайлы Сізге ғана мәлім, ДБИ немесе шаперон допинг бақылау процедурасы аяқталғанға дейін Сізben ілесіп журеді.

4. СЫНАМА СЫЙЫМДЫЛЫГЫН ТАҢДАУ

Сізге сынаманы алу үшін сыйымдылық ыдысын таңдау ұсынылады. Сіз бір ыдысты таңдай аласыз. Сіз қондырығының бүлінбегендігіне немесе қолдан жасалмағанына көз жеткізуініз керек. Сіз процедура уақыты барысында сыйымдылық ыдысын назарыңыздан шығармауыңыз керек.

5. СЫНАМАНЫ ТАПСЫРУ

Сынаманы тапсыру кезінде Сізге және өзінізben бір жынысты ДБИ немесе шаперонға дәретханада болуға рұқсат етіледі.

Сізден қолыңызды жууды сұрайды.

Бұдан кейін ДБИ немесе шаперон зәр тапсыру процесін тікелей қадағалау үшін күімінізді жоғары көтеруді немесе түсіруді сұрайды.

6. ЗӘР МӨЛШЕРИ

ДБИ Сіздің алдыңызда зәрдің минималды қажетті мөлшерін: 90 мл тапсыргандыңызға көз жеткізуі тиіс. Егер Сіз бірінші рет 90 мл ұсына алмасаңыз, қажетті көлем тапсырылғанша, зәр тапсыруды сұрайды.

7. СЫНАМАНЫ БӨЛУ

Сынаманы тасымалдау және сактау үшін Сізге ұсынылған жиынтықтардың бірін таңдау мүмкіндігі беріледі. Бір жиынтықты таңдаңыз. Сіз жиынтықтың бүлінбегендігіне және қолдан жасалмағандығына көз жеткізуініз керек. Контейнерді ашыңыз. Флакондағы сынаманың нөмірі қақпактардағы және контейнерлердегі нөмірлермен сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.

Енді кемінде 30 мл-ді В сыйымдылығына құйып, зәрдің қалған мөлшерін А сыйымдылығына құйып, сынаманы бөліңіз.

Сізден зәрдің азгана мөлшерін қалдыруды сұрайды, өйткені ДБИ зәрініздің қоюлығын өлшеуі керек.

Егер Сізге көмек қажет болмаған жағдайда, зәрді өздігінізден бөліңіз. Көмек қажет болса, өкілініздің немесе ДБИ-дің Сіз үшін зәрінізді бөлөтіндігіне келісім беруініз керек.

8. СЫНАМАНЫ МӨРЛЕУ

Бұдан кейін А және В флаконын мөрленіз. Өзініз (немесе өкіліңіз) және ДБИ флакондар тиісті тәсілмен мөрленгеніне көз жеткізулеріңіз керек.

9. ЗӘРДІҢ ҚОЮЛЫҒЫН ӨЛШЕУ

ДБИ зәр қоюлығын өлшеуі тиіс. Егер оның қоюлығы стандарттарға сойкес келмесе, Сізге басқа сынаманы тапсырасыз.

10. ДОПИНГ БАҚЫЛАУ ХАТТАМАСЫН ТОЛТЫРУ

Хаттамада рецепт бойынша немесе рецептсіз берілген барлық дәрі-дәрмектерді немесе соңғы уақытта қабылдаған тағамдық қосымшаларды көрсетуіңіз керек.

Сонымен қатар допинг бақылау процедурасының кез келген бөліміне қатысты кез келген ескертулерініздің хаттамада көрсетуіңіз керек.

Сынамаңыздың талдануы аяқталғаннан кейін допинглік бақылау мақсатында оны әрі қарай жасырын зерттелуіне келісім беруіңіз сүралады. Сіз «ия» немесе «жоқ» деп жауап бере аласыз.

Хаттаманы мұқият тексерініз, әсіресе сынама нөміріне қараңыз.

Сонымен қатар, зертхана үшін хаттама көшірмесінде Сізді анықтайтын ешбір ақпараттың болмайтынын тексерініз.

Сізден хаттамаға кол қоюыңызды сұрайды.

Процедура аяқталғаннан кейін Сіз допинг бақылау хаттамасының көшірмесін аласыз.

11. ЗЕРТХАНАЛЫҚ ТАЛДАУ ПРОЦЕДУРАСЫ

Сіздің сынамаларыңыз қауіпсіз тәсілмен тасымалдау үшін оралған.

Сынамаларыңыз БДҚҰ аккредитацияланған зертханага жіберіледі.

Сіздің сынамаларыңызды зерттеу барысында осы зертхана қорғану тізбегін сақтай отырып, зертханаларға арналған Халықаралық стандарттарды ұстанады.

А сынамаңыздың талдауы жургізіледі.

В сынамаңыз қауіпсіздікте сақталады. А сынамасы талдауының жағымсыз нәтижесін растау үшін қолданылуы мүмкін.

Қан сынамасы ше?

Хабарландыруға, жеке тұлғаны күәландыруға, процедураның өзін сүйемелдеуге және түсіндіруге қатысты қан сынамасын тапсыру кезінде зәр сынамасын тапсыру кезінде қолданылатын шарттар қолданылады.

Кәмелетке толмаған және мүмкіндігі шектеулі спортшылар үшін қандай ерекшеліктер бар?

ХАБАРЛАМА

Егер сіз кәмелетке толмаған немесе мүмкіндігі шектеулі спортшы болсаңыз, Сізге допингілік бақылау үшін таңдалғандағының туралы хабарланған кезде, бұл туралы үшінші тарап та хабарлануы мүмкін.

А СЫНАМАСЫН ТАПСЫРУ

Кәмелетке толмаған және мүмкіндігі шектеулі спортшылар процeduраға өкілдерімен бірге қатыса алады. Алайды осы өкілге сынаманы тапсырудың тікелей процесіне қатысуға рұксат етілмейді. Неге? Өйткені ДБИ зәр тапсыру процесін тікелей бақылауы тиіс.

Егер Сіз өкілініздің қатысуынан бас тартсаңыз, Сіздің Допингке карсы Үйимыңыз немесе ДБИ үшінші тараптың қатысуын сұрауы мүмкін.

Егер Сіздің қымыл-қозғалысыңыз немесе моторикаңыз шектеулі болса, Сіз спортшы өкілінен немесе ДБИ-ден допингілік бақылау үшін қондырымымен жұмыс жасау, сынаманы болу немесе қағаздарды ресімдеуді аяқтау кезінде көмектесуді сұрауыңызға болады.

Егер Сіздің координацияңыз айтарлықтай жоқ болса, Сіз сынаманы тапсыру үшін мөлшері жағынан ауқымды сыйымдылықты қолдана аласыз.

Егер Сіз көз ауруына шалдықсаңыз, спортшы өкілі допингілік бақылау процесі барысында Сізбен бірге басынан бастап аяғына дейін ілесіп жүре алады, сондың ішінде дәретханаға да. Алайда ол зәр тапсырудың тікелей процесіне қатыса алмайды. Спортшы өкілі немесе ДБИ Сізге допингілік бақылау хаттамасын оқып бере алады, ал Сіз спортшы өкілінен Сіздің атыңыздан хаттамаға қол қоюды сұрай аласыз.

Егер Сіз резиналық дренажды немесе тұракты катетерді қолдансаңыз, Сіз қолданыстағы зәрқабылдағышты алып, жаңа зәр алу үшін оны төгуініз керек.

Егер Сіз катетерді өздігінен енгізетін болсанызы, зәрді тапсыру үшін өз катетерініңде қолдана аласыз. Осы катетер ашу арқылы бақылаумен қамтамасыз етілуі тиіс. Немесе мүмкін болмаған жағдайда, ДБИ ұсынған катетерді қолданыңыз.

Спортшы өкілі допингілік бақылау процесінің басынан бастап аяғына дейін жарым есті спортшымен бірге ілесіп жүре алады, соның ішінде дәретханаға да. Алайда ол зәр тапсырудың тікелей процесіне қатыса алмайды.



2 ҚОСЫМША В СЫНАМАСЫ ТАЛДАУЫНЫҢ ПРОЦЕДУРАСЫ

Зертханада сынамалар спортшылардың есімдерімен емес тек нөмірлері бойыншаған зерттеледі.

ТАЛДАУДЫҢ ЖАҒЫМСЫЗ НӘТИЖЕСІ

Егер А сынамасын зерттеу нәтижесі оң нәтижелі болғандығы хабарланса – Кодекс тілінде ол «Талдаудың Жағымсыз Нәтижесі» деп аталағы – нәтижесінің басқару үшін жауап беретін үйім бастапқы тексерісті откізеді.

Осындай тексеріс еki бөлімнен тұрады:

- Сынамаңызда анықталған, тыйым салынған субстанцияны терапиялық қолдануға берілген рұқсат Сізде болды ма?*
- Допинглік бақылау және сынаманы зерттеу процедурасы белгіленген процедуralарға сәйкес жүргізілді ме?*

Сізге сынамаңызды зерттеу нәтижелері мен В сынамасының зерттелуіне қатысты құқықтарының туралы жазбаша түрде хабарланады.

Егер де Сіз В сынамасының анализін өткізуі қызықтырылған болса, уақытша шеттетілу белгіленеуді мүмкін. Сондай-ақ Кодекс Сізге тыңдауларды өткізу құқығын қолдану мүмкіндігін бере алады, егер Сіз шеттетілу белгілеу себебімен осы құқықты қолдануды шешсөніз. Осы мүмкіндіктер нақты жағдайларда мерзімдерге байланысты болуы мүмкін.

Егер В сынамасы А сынамасы анализінің нәтижелерін растамаса, бұдан кейін ешбір әрекет жасалмайды, және кез келген уақытша шеттетілу жойылады.

The official texts of the Athlete Reference Guide are the English and French versions maintained by the World Anti-Doping Agency and published on its website. The English version shall prevail in the event of any conflict of interpretation.

The World Anti-Doping Agency (WADA) wishes to acknowledge and thank the Central Asia Regional Anti-Doping Organization for their valuable contribution in the development of the Kazakh version of the Athlete Reference Guide. This enables the Athlete Reference Guide to be shared across countries globally so that WADA, the Public Authorities and the Sports Movement can work together to protect clean athletes.

With the support of



OLYMPIC
SOLIDARITY